



БЕКІТЕМІН:

**Абай облысының білім
Басқармасы басшысы
Н.Ахметкалиев**

» ақпан 2025 ж

Химия және биология пәндерінен Ж. Күшікұлы атындағы аймақтық олимпиадасын өткізу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже.

1. Осы Ереже химия және биология пәндерінен Ж. Күшікұлы атындағы аймақтық олимпиаданың (бұдан әрі - Олимпиада) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету тәртібін белгілейді.

2. Олимпиаданың мақсаты – оқушылардың химия мен биологияны оқуға қызығушылықтарын арттыру, талантты және дарынды оқушыларды анықтау, ғылыми білімді насихаттау, ғылыми дүниетанымды дамыту, оқушылардың зияткерлік дамуын және кәсіби бағыт-бағдарың қолдау.

3. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері оқушылардың химия және биология пәндеріне деген қызығушылықтарын ынталандыру, шығармашылық қабілеттері мен ғылыми-практикалық іс-әрекетке деген қызығушылықтарын анықтау және дамыту, ең талантты және дарынды оқушыларды іріктеу, олимпиадалық резервті құру, дарынды балаларды қолдауға қажетті жағдайлар жасау, ғылыми білімді насихаттау және дамыту болып табылады.

4. Олимпиада жалпы білім беретін бағдарламалары негізінде келесі пәндер бойынша өткізіледі: химия және биология.

2. Олимпиаданың жұмыс органдары.

1. Олимпиаданы өткізу үшін шараны үйлестіруді, ұйымдастыру-техникалық және әдістемелік қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыру ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

2. Ұйымдастыру комитеті өзінің құзыреттілігінің шегінде:

- Олимпиаданың өту мерзімін, тәртібін, өтетін орнын үйлестіреді;
 - қазылар алқасының құрамын құрады, бекітеді және смета бойынша өтеледі;
 - тапсырмаларды бағалау критерийлері мен материалдарды әзірлейді;
 - жеңімпаздар мен жүлдегерлердің тізімін бекітеді; Сертификат, Дипломдармен марапаттайды;
 - Олимпиаданың қорытындысын талдайды және жалпылайды;
 - Олимпиаданың дайындалуын, өткізілуін және қорытындысын БАҚ-да жариялауды қамтамасыз етеді.
- қатысушыларды тасымалдау (трансфер).

3. Олимпиада қатысушылары.

1. Олимпиадаға Абай, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Ақмола облыстарының жалпы білім беретін мекемелерінің 9-11 сынып оқушылары қатысады.
2. Әр аудан/каладан командалардың сандық құрамы 6 адам: 9 сынып – 2 оқушы, 10 сынып – 2 оқушы, 11 сынып – 2 оқушы (1-қосымша).
3. Олимпиаданың жұмыс тілдері қазақ және орыс тілдері болып табылады.
4. Топ жетекшісі олимпиадаға қатысушылардың Олимпиада өтетін орынға дейінгі жолда, оның өтуі кезінде және тұратын жеріне дейінгі өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне толық жауапты болады.
5. Олимпиадаға қатыса отырып, оқушы (ата-анасы, заңды өкілдері) жеке деректерін өндеуге, сондай-ақ, фото-бейне түсірілімге рұқсат береді.

4. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

1. Олимпиада екі кезеңде өткізіледі:
 - 1) бірінші – аудандық/қалалық (іріктеу) ағымдағы жылдың 15 ақпанға дейін;
 - 2) аймақтық – 2025 жылдың наурыз айының үшінші он күндігінде.
2. Олимпиада 2 айналымда өтеді (теориялық, практикалық).
3. Тапсырмаларды орындауға химия пәнінен 3 астрономиялық сағат (180 минут), биология пәніне 3 астрономиялық сағат (180 минут) беріледі.
4. Менделеевтің периодтық кестесін пайдалануға рұқсат етіледі. Есептеулерді орындау үшін бағдарламаланбайтын калькуляторды пайдалануға болады.
5. Олимпиада барысында жеке жазбаларды, кез – келген әдебиетті, мобильді байланыс құралдарын қолдануға тыйым салынады.
6. Ережені бұзған жағдайда қатысушы Олимпиададан шеттетіледі.
7. Олимпиадаға тіркеу және қабылдау білім беру ұйымы басшысының қолы мен бекітілген аудандық/қалалық білім бөлімдерінен жіберілген өтінім бойынша (2 қосымша) жүзеге асырылады. Өтінім ағымдағы оқу жылының 17 ақпанына дейін e-mail: daryn_abai@mail.ru поштасына қабылданады. Көрсетілген мерзімнен кеш жіберілген өтінімдер қарастырылмайды.
8. Жіберілген өтінімдегі деректердің дұрыстығына білім бөлімдері жауапты.
9. Олимпиаданың мектепшілік, аудандық/қалалық кезеңдерің аудандық/қалалық білім бөлімдері мен облыстық мамандырылған мектептер өткізеді. Олимпиада тапсырмаларын аудандық/қалалық Ұйымдастыру комитеті құрастырады және дайындайды.
10. Олимпиаданың облыстық кезеңінің тапсырмаларын ДпҚББДОҒӘ «Дарын» орталығының құрастырады және дайындайды.
11. Әр пән бойынша орындалған жұмыстарды тексеру және бағалау үшін облыстың жетекші жоғары оқу орындарының ғалымдары, профессорлары, ғылым кандидаттары, доценттері мен оқытушылары қазылар алқасының құрамына кіреді.
12. Оқушылардың жұмысын тексеру аяқталғаннан кейін қорытынды хаттамалар Ұйымдастыру комитетінің интернет ресурсына салынады.
13. Оқушылардың тапсырманы орындау процесі бейнетрансляциямен сүйемелденеді және көрсетілген бейнетаспа қорытынды кезең аяқталғанға дейін сақталады.
14. Олимпиаданың аудандық/қалалық кезеңінің нәтижелері бойынша есеп (Қосымша №1), хаттама және өтінім ұсынылуы қажет. Олимпиаданың облыстық кезеңіне әр пән мен сынып

бойынша ең жоғары балл жинаған I жеңімпаздан қатысады. Квота әр аудан/қаладан және облыстық мамандандырылған мектептерден 6 қатысушы.

15. Олимпиадаға қатысу туралы білім беру ұйымдарының басшылары, облыстық мамандандырылған мектеп директорларының қолымен бекітілген сұраныс (Қосымша №2) e-mail: daryn_abai@mail.ru поштасына жіберілуі қажет.

5. Олимпиаданың жеңімпаздарын марапаттау.

1. Жеңімпаздарды қазылар алқасы анықтайды.
2. Олимпиададағы жеңімпаздар саны қатысушылардың жалпы санының 45 пайызын құрайды.
3. Олимпиада жеңімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.
4. Барлық қатысушыларға сертификаттар табысталады.

6. Қаржыландыру.

1. Іс-шараны қаржыландыруды бекітілген сметаға сәйкес ДпҚББДОҒӘ «Дарын» орталығы жүзеге асырады.

1 қосымша

Пән	9 сынып	10 сынып	11 сынып	Барлығы
Химия	1	1	1	3
Биология	1	1	1	3

2 қосымша

№	Қатысушы-н аты-жөні	Аудан/ қала	Мектеп	Сынып	Оқу тілі	Пәні	Қатысушы-н байланыс телефоны	Қатысушы-н дайындаған пән мұғалімінің аты-жөні	Қатысушы-н әлеуметтік статусы

Есеп үлгісі:

№	Аудан/ қала	I кезең, аудандық/қалалық					
		Мектептер саны	Қатысушылар саны	Соның ішінде қазақ тілінде	Соның ішінде ауылдық мектептерден	Соның ішінде мамандандырылған мектептерден	Соның ішінде жалпы мектептерден
1							

№	Ұйым атауы	Биология	Химия	Барлығы
1	Абай облысы (әр ауданнан, қаладан, облыстық мамандандырылған білім беру ұйымдарынан)	3	3	6
2	ШҚ облысы (әр ауданнан, қаладан, облыстық мамандандырылған білім беру ұйымдарынан)	3	3	6
3	Павлодар облысы	3	3	6
4	Ақмола	3	3	6
5	Назарбаев зияткерлік мектебі (Семей қ.)	3	3	6
6	Назарбаев зияткерлік мектебі (Өскемен қ.)	3	3	6